



ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУДІҢ ҮШ КҮНДІГІ

«Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында
жаңартылған білім мазмұны бойынша оқытудың
ерекшеліктері» тақырыбындағы вебинар
18,19,20 мамыр 2020 жыл

Вебинар мақсаты: Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында жаңартылған білім беру мазмұнының ерекшеліктері аясында оқу процесін жоспарлау және ұйымдастыру дағдыларын қалыптастыру.

Міндеттері:

- Тілдік дағдылар: тыңдалым, айтылым, оқылым және жазылым дағдыларын дамытудың белсенді тәсілдерімен таныстыру;
- Ресурстарды таңдау талаптары: жас ерекшеліктерін ескеруді және саралауды түсінуді қамтамасыз ету;
- Оқу үдерісінде тыңдалым және айтылымды, оқылым мен жазылымды тиімді бағалауда критериалды тапсырмалар мен дескрипторлардың пайдалану дағдыларына шолу.

Вебинар қатысушылары

- техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары басшыларының оқу ісі жөніндегі орынбасарлары
- басшының ғылыми-әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасарлары
- колледж әдіскерлері

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУДІҢ ҮШ КҮНДІГІ
«Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында жаңартылған білім мазмұны бойынша оқытудың ерекшеліктері» тақырыбындағы вебинар

Өту кестесі

№	Өту мерзімдері	Білім беру ұйымдары атауы	Тақырыбы	Өткізілу платформасы, уақыты	Жауапты тұлға
1	18 мамыр 2020ж	Білім беруді дамыту орталығы, «Педагогикалық шеберлік орталығы» ЖМ филиалы	Спиральді білім беру бағдарламасының басымдықтары	Zoom онлайн, сағат 12 ⁰⁰	Брекеева Ляззат Рахметовна, Есмигулова Гульнар Сергейқызы
2	19 мамыр 2020 ж	Білім беруді дамыту орталығы, М.Б Ысханов атындағы №36 жалпы орта білім беретін мектеп	Жаңартылған білім беру аясында пәндерді оқыту ерекшеліктері	Zoom онлайн, сағат 12 ⁰⁰	Брекеева Ляззат Рахметовна, Салимова Лиянат Нариманқызы
3	20 мамыр 2020ж	Білім беруді дамыту орталығы, Ж.Досмұхамедов атындағы жоғары педагогикалық колледжі	Критериялды тапсырмалар мен дескрипторлар студенттердің танымдық деңгейін арттыру құралы ретінде	Zoom онлайн, сағат 12 ⁰⁰	Брекеева Ляззат Рахметовна, Мұхтар Зейнуар Гафурұлы

Спиральды білім беру бағдарламасы Джером Брунер ұсынған когнитивті теорияға негізделген

Когнитивті даму ... Cognitive development - қабылдау, есте сақтау, ұғымдарды қалыптастыру, есептерді шешу, қиял және логика сияқты ойлау процестерінің барлық түрлерін дамыту. Швейцария философы және психологы Жан Пиаже Когнитивті даму теориясының негізін салушы.

Жаңартылған оқу бағдарламаларының ерекшеліктері



- Пән мазмұнының спиральді қағидатпен берілуі



- Блум таксономиясы бойынша оқу мақсаттарының иерархиясы;



- бір білім беру аясындағы және пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру мақсатында «ортақ тақырыптардың» берілуі



- оқу үдерісін ұзақ мерзімді, орта мерзімді және қысқа мерзімді жоспарлар арқылы ұйымдастыру;



- оқытудың тәрбиелік әлеуетін арттыру, оқушының адамгершілік-рухани қасиеттерін қалыптастыру;



- білім беру деңгейлері аралығында пән бойынша сабақтастықты ескеруге мүмкіндік беретін толық оқу курсы бойынша педагогикалық мақсат қою;



- бөлімдердің мазмұны мен ұсынылған тақырыптардың уақыт талабына сәйкес келуі, әлеуметтік дағдыларды қалыптастыруға назар аударылуы;




- оқытудағы жүйелі-әрекеттік ұстаным (оқушының білім алу үдерісіне белсенді қатысу)

Спиральді оқу бағдарламасы

Тақырыптар әртүрлі деңгейлерде қайталанады, кейде бір тоқсан аясында, кейде әр тоқсанда;

Тақырыптар әрбір келесі деңгейде алдыңғыға қарағанда анағұрлым күрделі әрі тереңдетіліп оқытылуы тиіс;

Деңгей жоғарылаған сайын, тақырыптың күрделілігі артып отыруы керек.





**Джером Сеймур
Брунер (Bruner)**
американдық
психолог, когнитивті
психологияның
жетекші өкілдерінің
бірі


Осы тақырыпқа арналған Брунердің "Оқыту процесі" кітабы көптеген елдерде білім беру жүйесіне үлкен әсер етті.

Әлемнің 19 тіліне аударылған, ал 1962 жылы орыс тіліне аударылады.

Онда Брунер «Кез-келген жастағы, кез-келген адамға, кез-келген ғылым негіздерін оқытуға болады, егер оқытудың дұрыс түрін табсаңыз» дейді.

Брунер бұл еңбегінде оқытудағы білім құрылымының рөлін зерттеді (оқыту тек фактілерді меңгеруді ғана емес, пән құрылымындағы негізгі қарым-қатынасты түсінуді талап етеді), баланың мақсатқа бағытталған білім алуға дайындығын зерттеді, баланы адами қарым-қатынастар өнегесіне белсенді тарту ретінде оқытудың спирал тәрізді (біртіндеп күрделенетін) бағдарламасының идеясын ұсынады.

**"The process of
education", 1960**



Спиральді білім беру

- пән мазмұнының спиральдік қағидатпен берілуі

Брунер жұмысындағы спиральді білім беру бағдарламасының негізгі ерекшеліктері:

- білім алушы тақырыпты өзінің өсу мансабында бірнеше рет қайта қарайды;
- тақырыптың күрделілігі әр қайталаумен өсіп отырады;
- жаңа білім алдыңғы біліммен тығыз байланысты және бұған дейін алынған ақпарат тұрғысынан қарастырылады.

Спиральді білім беру бағдарламасының басымдықтары:

- ақпарат білім алушы пәнді қайталаған сайын қайталанады және есте қалады;
- спиральді білім беру бағдарламасы қарапайым идеялардан анағұрлым күрделі идеяларға қисынды жолмен ауысуға мүмкіндік береді;
- білім алушылар білімдерін келесі курс мақсаттарына қолдана алады

Спиральное обучение

- принцип спиральности при проектировании содержания предмета
Ключевыми особенностями спиральной образовательной программы на основе работы Брунера являются:

- ученик пересматривает тему несколько раз в течение всей своей школьной карьеры;
- сложность темы возрастает с каждым повторением;
- новое обучение имеет отношение к старому обучению и рассматривается в контексте со старой информацией.

Преимущества, приписываемые спиральной образовательной программе ее разработчиками:

- информация повторяется и запоминается каждый раз, когда ученик повторяет предмет;
- спиральная образовательная программа также позволяет логический переход от упрощенных идей до сложных;
- ученики могут применять знания к последующим целям курса.



